mixed legal systems: implications for the implementation of elements  
of English law in Kazakhstan.....59

**A. ALIYEV (Keel, Germany)** The restriction of freedom of  
contract under a substantial change of circumstances in English,  
German, Russian and Azerbaijani law.....66

**Y.V. NESTEROVA** The directions to improve legal regulation of  
liability for breach of contract under the legislation of the Republic of  
Kazakhstan based on the provisions of English law and the model rules  
of European private law.....78

**V.T. KONUSOVA, M.M. TASTANOVA** Regarding some issues  
of the implementation of the norms of ratified international treaties on  
the right of immigrant children to register births and the name in the  
national legislation of the Republic of Kazakhstan.....86

**S.Zh. ABDRAKHMANOVA** Relation of concepts of «Bona  
fides» and «estoppel».....96

### **Criminal law and Criminal procedure**

**S.M. RAKHMETOV** The implementation of the norms of the  
international convention on combating corruption in the criminal  
legislation of the Republic of Kazakhstan.....103

**AN. AKHPANOV, A.L. KHAN** About the instances of obligatory  
participation in the criminal cases of an advocate of witness, having the  
right of defense.....110

**C.D. KENJETAEV** The witness in the Criminal procedural code  
the Republic of Kazakhstan.....116

**O.V. KOLOS (Irpın, Ukraine)** Repeated criminal offenses: the  
problem of legal definition.....122

**F.M. RAKHMITOV** Issues of improvement of advocate's  
activities in the Republic of Kazakhstan.....129

### **International and Comparative law**

**M.A. SARSEMBAYEV** The need to improve standards of ILO  
conventions and the Kazakhstan labor law.....135

**C.Zh. AIDARBAYEV** Problems of legal status of the Economic  
Court of the CIS (Reform of the court).....140

|                                                                                                                                                                                                                                                                                     |     |
|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----|
| <b>A. ABYLAIULY</b> Some questions of interpretation of the procedure and conditions of application of treaties in the Republic of Kazakhstan                                                                                                                                       | 147 |
| <b>Zh.Ch. TEGIZBEKOVA (Bishkek, Republic of Kyrgyzstan)</b> The international legal protection of family rights in the period of armed conflicts and internal tensions                                                                                                              | 156 |
| <b>ALBERTO PECORARO (Italy)</b> The reach of international investment agreements: Kazakhstan and the umbrella clause                                                                                                                                                                | 166 |
| <b>Legal monitoring</b>                                                                                                                                                                                                                                                             |     |
| <b>I.K. ELEUSSIZOVA, A.U. KALIEVA</b> Some issues of legal monitoring of banking legislation of the Republic of Kazakhstan                                                                                                                                                          | 180 |
| <b>A.K. KANATOV, E.K. AKHMETOV</b> Problematic aspects of the state policy in the scope of drug trafficking (monitoring of legislation)                                                                                                                                             | 190 |
| <b>G.B. KYSSYKOVA, N.N. OMAROVA</b> Comparison of separate standards of the legislation on special economic zones of the Republic of Kazakhstan with the legislation of other countries: the analysis within legal monitoring                                                       | 198 |
| <b>Lawmaking practice in the official language</b>                                                                                                                                                                                                                                  |     |
| <b>M. AYYMBETOV</b> Terms of the law: specificity and harmony                                                                                                                                                                                                                       | 206 |
| <b>D.M. SHYNGYSBAYEYA, N.A. BAIKARIMOVA</b> Studying of stylistics of the text of the Civil code of the Republic of Kazakhstan in the state language                                                                                                                                | 210 |
| <b>Young scholar tribune</b>                                                                                                                                                                                                                                                        |     |
| <b>F.R. AKHMEDZHANOV</b> The measures for expanding the scope of judicial control in pre-trial proceedings                                                                                                                                                                          | 215 |
| <b>K.K. SABIROV</b> The necessity of a single approach to legal regulation of certain alternative methods of conflict resolution                                                                                                                                                    | 220 |
| <b>The Chronicle of Scientific Life</b>                                                                                                                                                                                                                                             |     |
| Information note about the International scientific and practical conference on «Ensuring the rights of the individual in the process of the formation of the rule-of-law state», dedicated to the 70th anniversary of N.A. Shaykenov («Shaykenov Readings») March 16, 2017, Astana | 229 |
| Information note about the forum «Science of Kazakhstan under the conditions of modernization: 3.0» Dedicated to the Day of Science, Almaty, April 11, 2017                                                                                                                         | 233 |
| Information note about the webinar on the topic: «Review of actual changes in civil legislation of the Republic of Kazakhstan», May 4, 2017                                                                                                                                         | 235 |
| Information note about the webinar on the topic: «Features of the legal monitoring of laws», May 17, 2017                                                                                                                                                                           | 237 |
| Information note about the webinar on the topic: «Actual issues of the participation of lawyers in criminal proceedings», May 25, 2017                                                                                                                                              | 238 |
| <b>Bibliography</b>                                                                                                                                                                                                                                                                 |     |
| REVIEW on the monograph of I. Yeleusizova and D. Turlybek on the topic: «Counterfeit products and parallel imports in the Republic of Kazakhstan and other countries of the Eurasian Economic Union» (LAP Lambert Academic Publishing, 2017)                                        | 239 |
| REVIEW on the «International Integration and Integration Law» textbook / Under the total. ed. of V.A. Shamakhov, V.P. Kirelenko, S.Yu. Kashkin. - SPb., 2017. - 880 p.                                                                                                              | 240 |
| <b>Wise thoughts</b>                                                                                                                                                                                                                                                                | 242 |



## ҚР АЗАМАТТЫҚ КОДЕКСІНІҢ МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДЕГІ МӘТІНІН СТИЛИСТИКАЛЫҚ ТҰРҒЫДАН ЗЕРДЕЛЕУ

**Дүйсенкүл Мұқамбетжанқызы Шыңғысбаева**

Қазақстан Республикасы Заңнама институты Лингвистика орталығы  
аударма секторының аға ғылыми қызметкері;  
Астана қ., Қазақстан Республикасы; e-mail: d.shyngysbaeva@adilet.gov.kz

**Нұргүл Айтмұханқызы Байкәрімова**

Қазақстан Республикасы Заңнама институты Лингвистика орталығы  
НҚА және халықаралық шарттар жобаларына ғылыми лингвистикалық  
сараптама секторының аға ғылыми қызметкері;  
Астана қ., Қазақстан Республикасы; e-mail: n.baikarimova@adilet.gov.kz

**Түйін сөздер:** Азаматтық кодекс; мемлекеттік тіл; теңтүпнұсқалылық.

**Аннотация.** Аталған мақалада Азаматтық кодекстің аудармасындағы заң тілінің синтаксистік оралымдарын, синтаксистік сипаттарын ескеру мәселелеріне назар аударылған. Сондай-ақ автор аударма қызметінде тілдік білімнің орны ерекше екендігін атап өтеді. Сонымен бірге заңнамалық актілерге аударма жасауда қазақ тілінің табиғи заңдылықтарын, яғни нормаларды сақтаудың қажеттілігіне мән бере кетеді. Одан басқа, мақалада заң тілінің сөз жасамдық және морфологиялық сипаттарын ескеру мәселелеріне жіті назар аударылған. Заң тіліндегі сөз оралымдарын дұрыс құру, шұбалаңқылықтан қашу, калька аудармадан арылуға ден қою қажеттілігіне, тіл тазалығы арқылы ойды өркендете алатындығымызға, ой арқылы норманы дұрыс беретінімізге, ақпаратты дұрыс жеткізе алатындығымызға баса мән берілген.

Тәуелсіз Қазақстанның әлемдегі өзіндік бірегей орнының нығаюы, яғни аударма ісіне де тәуелді. Елдер мен халықтар арасындағы саяси-экономикалық, рухани, мәдени байланыстар ауқымының ұлғаюы аударма ісінің білікті мамандарын ғана даярлауды қажет етіп қоймай, сонымен қатар аударма теориясына қатысты мәселені де күн тәртібіне қойып отыр.

Дегенмен де осы тақырыпты кеңірек ашу мақсатында мақалада тілдің практикалық мәселелерімен қатар теориялық мәселелерін де кеңінен қарастырылды.

Азаматтық кодексті стилистикалық тұрғыдан жетілдіру- бүгінгі күннің кезек күттірмейтін мәселесі болып тұр. Қазақстанның әлем алдындағы деңгейінің өсуі, жаңғыруға қосар үлесі заңымыздың өз тілімізде сауатты, көпшілікке түсінікті, халыққа қызмет ететін заңдарды дайындап шығаруы болып табылады.

## ИЗУЧЕНИЕ СТИЛИСТИКИ ТЕКСТА ГРАЖДАНСКОГО КОДЕКСА РК НА ГОСУДАРСТВЕННОМ ЯЗЫКЕ

**Шыңғысбаева Дүйсенкүл Мухамбетжановна**

Старший научный сотрудник сектора перевода Центра лингвистики  
Института законодательства Республики Казахстан;  
г. Астана, Республика Казахстан; e-mail: d.shyngysbaeva@adilet.gov.kz

**Байкаримова Нургуль Айтмұхановна**

Старший научный сотрудник сектора научно-лингвистической  
экспертизы проектов НПА и международных договоров  
Центра лингвистики Института законодательства Республики Казахстан;  
г. Астана, Республика Казахстан; e-mail: n.baikarimova@adilet.gov.kz

**Ключевые слова:** Гражданский кодекс; государственный язык; аутентичность.

**Аннотация.** В настоящей статье указаны вопросы применения синтаксического оборота, синтаксических свойств юридического языка в переводе Гражданского кодекса. Также автор отмечает особую роль языкознания в переводческой деятельности. К тому же, отмечается необходимость соблюдения естественной закономерности, то есть норм казахского языка при переводе законодательных актов. В статье затронуты вопросы учета особенностей словообразования и морфологических свойств юридического языка. Особое внимание уделено необходимости правильного составления словосочетаний, исключения

лишних слов и прямого перевода, а также тому, что с помощью ясности языка можно правильно передать смысл нормы.

Укрепление позиции независимого Казахстана на мировой арене также зависит от переводческого дела. Расширение политическо-экономического, духовного, культурного сотрудничества между странами и народами требует не только подготовки квалифицированных специалистов в сфере переводческого дела, но и вместе с тем ставит во главу угла вопрос теории перевода.

При этом, в целях полного раскрытия этой темы в статье наряду с практическими вопросами языка, было бы правильным детально рассмотреть и теоретические вопросы. Так, в статье рассмотрены обсуждение важных мнений касательно вопросов перевода, изучены синтаксические моменты, а также особо отмечены лингвистические вопросы перевода, касающиеся развития юридического языка. Кроме того, изучены некоторые предложения текста Гражданского кодекса на казахском языке, которые составлены без соблюдения правил пунктуации, соответственно, непонятные для обывателя, а также предложены пути их редакционного улучшения.

## STUDYING OF STYLISTICS OF THE TEXT OF THE CIVIL CODE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN IN A STATE LANGUAGE

**Shyngysbayeva Duissenkul**

*Senior researcher of the sector of translation of Linguistic center of the Legislation Institute of the Republic of Kazakhstan, Astana, Republic of Kazakhstan; e-mail: d.shyngysbaeva@adilet.gov.kz*

**Nurgul Baikarimova**

*Senior researcher of the sector of research linguistic expertise of legal acts and international agreements of Linguistic center of the Legislation Institute of the Republic of Kazakhstan, Astana, Republic of Kazakhstan; e-mail: n.baikarimova@adilet.gov.kz*

**Keywords:** Civil code, state language, authenticity.

**Abstract.** Mentioned paper focuses on issues associated with the syntactic phrases and the syntactic natures of the Civil Code translation. Author also mentions that in translation process the knowledge of language plays a significant role. Moreover, author considers an importance of following the rules of the Kazakh language in the translation of legal acts. Furthermore, the paper pays a close attention to issues related to taking into account the word divided and the morphological character of the legal language. The word formation in the legal language, avoiding ambiguity and literal translation of words, the possibility of developing an idea through the purity of language, the ability to express ideas or transmit information precisely through ideas are examined by author.

The development of independent Kazakhstan also depends on translation. Enlarging of social-economic, spiritual, cultural communications between countries and nations requires not only training skilled experts; also it necessitates putting on agenda issues related to the theory of translation.

Yet it would be efficient if author considers the theoretical aspect of the language alongside with its practical issues. Nevertheless, the fact that the paper covers issues associated with critical problems of translation, syntactic and linguistic side of translation related to the development of the language worth a high esteem. Likewise, the paper discusses ambiguous translation of some sentences of the Civil Code and offers approaches to improve them.

Заң мәтінін стилистикалық тұрғыдан зерделеу заңның басты идеясын, негізгі ойды терең түсіне білуге үйретуді көздейді. Стилистикалық жағынан жетілген, ойды дұрыс жеткізген заң мәтіндері ғана көпшілікке ұғынықты болып, халыққа қызмет етеді. Ал шұбалаңқы, екі ұшты, калька боп берілген заң мәтіндері тек сәтсіз аударма болып қала береді.

Заң нормаларындағы ережелер мен та-

лаптарды дұрыс түсініп, оны орындау заң тілінің жеткізілуіне байланысты. Құқық талабын тек қана қазіргі нормашығармашылық технологияның кешенді жоғары деңгейімен қамтамасыз еткенде ғана, нақты білдіруге болады. Заңның мәтіні жақсарған сайын оны жүзеге асыру оңайға түседі. Сондықтан тіл стилі - заң шығармашылығының негізі.

Құрмалас сөйлемдер күрделі мағыналық және грамматикалық қарым-қатынасты

беруге бейім болып келеді, бұл әсіресе ғылыми стильге тән. Ғылыми стильде күрделі ой логикалық жағынан жүйелі баяндалатындықтан, дәлелдеуді, белгілі бір құбылыс, заттың мәнді белгісін көрсетуді, ғылыми негіздеуді көздейтіндіктен, сөйлем құрылысы күрделі сабақтас құрмалас сөйлемдер арқылы жасалады, ол құрмаластың бірінші жай сөйлемінің (бағыныңқының) баяндауышы көбінесе шартты рай тұлғасында келіп, екінші сөйлемі ойды тиянақтап, дәлелдеп, тұжырымдап тұрады. Мысалы, орысша нұсқасы: «В случае смерти члена производственного кооператива его наследники могут быть приняты в члены кооператива, если иное не предусмотрено уставом кооператива. При отказе наследника умершего члена кооператива от вступления в кооператив либо отказе кооператива от приема наследника ему выплачивается доля в имуществе, пропорциональная паю умершего члена кооператива, а также причитающиеся умершему члену кооператива чистого дохода кооператива и вознаграждение за личное трудовое участие в деятельности кооператива». Қазақша нұсқасы: «Өндірістік кооперативтің мүшесі қайтыс болған жағдайда оның мұрагерлері, егер кооперативтің жарғысында өзгеше көзделмесе, кооператив мүшесі етіп қабылдануы мүмкін. Кооперативтің қайтыс болған мүшесінің мұрагері кооперативке кіруден бас тартқанда немесе кооператив мұрагерді қабылдаудан бас тартқанда оған кооперативтің қайтыс болған мүшесінің мүліктегі пайына бара-бар үлес, сондай-ақ кооперативтің таза табысының қайтыс болған адамға тиесілі бөлігі және кооператив қызметіне қосқан жеке еңбегі үшін сыйақы төленеді».<sup>1</sup> деп аударманы стильдік жағынан әрлендіре түскен дұрыс болар еді.

Әр түрлі синтаксистік оралым бірліктерімен келген (басыңқы сөйлемдер, оқшауланған оралымдар, сөйлемнің бірінғай мүшелері) айрықша ұзақ сөйлемдерді түсіну қиын:

а) құрмалас сөйлем компоненттерінің арасында логикалық-грамматикалық байланыстың болмауы;

ә) құрмалас сөйлем компоненттерінің тым шұбаланқы болуы.

Заң мәтіндеріндегі кездесетін шұбаланқы сөйлемдер стилистикалық қатеге саналады. Мұндай ұзақ сөйлемдерді мағынасын тұжырымдау және қабылдауға жеңіл болу үшін бірнеше сөйлемге бөліп беруге болатын сияқты. Мысалы, «Аралық

тарату балансын жасаған кезде таратылатын заңды тұлға мүлкінің құрамына арнайы қаржы компаниясының жобалық қаржыландыру кезіндегі міндеттемелері бойынша, Қазақстан Республикасының жобалық қаржыландыру және секьюритилендіру туралы заңнамасына сәйкес шығарылған арнайы қаржы компаниясының секьюритилендіру кезіндегі облигациялары бойынша қамтамасыз ету болып табылатын бөлінген активтер және ипотекалық облигациялар бойынша: ипотекалық тұрғын үй қарызы шарттары бойынша талап ету құқықтары (ипотекалық куәліктерді қоса алғанда), сондай-ақ көрсетілген облигацияларды ұстаушыларда меншік құқығы мәмілелер бойынша не Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген өзге де негіздер бойынша туындаған немесе оларға ауысқан жағдайларда Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары қамтамасыз ету болып табылатын кепіл мүлкі енгізілмейді», - деп берілген.<sup>2</sup> Осы сөйлемді былайша бөліктерге бөліп алған жағдайда да мәтіннің нормалық жүгі өзгермейді әрі түсінікті болады. Мысалы. «Аралық тарату балансын жасаған кезде таратылатын заңды тұлға мүлкінің құрамына:

а) арнайы қаржы компаниясының жобалық қаржыландыру кезіндегі міндеттемелері бойынша;

ә) Қазақстан Республикасының жобалық қаржыландыру және секьюритилендіру туралы заңнамасына сәйкес шығарылған арнайы қаржы компаниясының секьюритилендіру кезіндегі облигациялары бойынша қамтамасыз ету болып табылатын бөлінген активтер және ипотекалық облигациялар бойынша;

б) ипотекалық тұрғын үй қарызы шарттары бойынша талап ету құқықтары (ипотекалық куәліктерді қоса алғанда), сондай-ақ көрсетілген облигацияларды ұстаушыларда меншік құқығы мәмілелер бойынша;

в) не Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген өзге де негіздер бойынша туындаған немесе оларға ауысқан жағдайларда Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары қамтамасыз ету болып табылатын кепіл мүлкі енгізілмейді».<sup>3</sup>

Осы сияқты Кодекстің қазақша нұсқасында синтаксистік кателер де көзге ұрып тұрады.

<sup>1</sup> ҚР Азаматтық кодексінің 100-бабының 4-тармағы

<sup>2</sup> ҚР Азаматтық кодексінің 50-бабы 4-тармағының үшінші абзацы

<sup>3</sup> ҚР Азаматтық кодексінің 50-бабы 4-тармағының үшінші абзацы

Мысалы, «Әрекет қабілеттілігі жоқ адам сауығып кеткен немесе денсаулығы едәуір жақсарған жағдайда сот оны әрекет қабілеттілігі бар деп таниды, бұдан кейін одан қорғаншылық алынады».<sup>4</sup> Орысша нұсқасы: «В случае выздоровления или значительного улучшения здоровья недееспособного, суд признает его дееспособным, после чего с него снимается опека». Бұл жерде «одан қорғаншылық алып тасталады» деп жазылуы керек. «Қорғаншылық алынады» деген сөздің мағынасын түсіну қиын. Сонымен қатар осы сөйлемдегі «әрекет қабілеттілігі жоқ», «әрекет қабілеттілігі бар» деген сөздер тиісінше «әрекетке қабілетсіз», «әрекетке қабілетті» деп қолданған жөн.

«Өз қызметінің негізгі мақсаты ретінде табысын келтіруді көздейтін (коммерциялық ұйым) не мұндай мақсат ретінде пайда келтіре алмайтын және алынған таза табысын қатысушыларына үлестірмейтін (коммерциялық емес ұйым) ұйым заңды тұлға бола алады».<sup>5</sup> Орысша нұсқасы: «Юридическим лицом может быть организация, преследующая извлечение дохода в качестве основной цели своей деятельности (коммерческая организация) либо не имеющая извлечение дохода в качестве такой цели и не распределяющая полученный чистый доход между участниками (некоммерческая организация)». Мұнда «табысын келтіруді», «таза табысын қатысушыларына үлестірмейтін» деген сөздер «кіріс келтіруді көздейтін», «таза кірісін қатысушылар арасында үлестірмейтін» деп жазылуға тиіс.

«Бұл ретте осы Кодексте көзделген жағдайларды қоспағанда, кооперативтің басқа мүшелері мұндай пайды (оның бір бөлігін) сатып алуды басым құқықты пайдаланады».<sup>6</sup> Орысша нұсқасы: «В этом случае другие члены кооператива пользуются преимущественным правом покупки такого пая (его части), за исключением случаев, предусмотренных настоящим Кодексом». Мұнда «сатып алудың басым құқығын пайдаланады» деп жазылуға тиіс. Сөйлем таза калька болып шыққан.

«Туынды қаржы құралдары - болашақта осы шарт бойынша есеп айырысуды жүргізуді көздейтін, құны шарттың базалық активінің шамасына (шамасының ауытқуын қоса алғанда) тәуелді шарт».<sup>7</sup> Орысша нұсқасы: «Производный финансовый инструмент - договор, стоимость ко-

торого зависит от величины (включая колебания величины) базового актива договора, предусматривающий осуществление расчета по данному договору в будущем.» Мұнда «есеп айырысу жүргізуді көздейтін» деп табыс септігінің бірінің жалғауын түсіріп қолдану қажет.

«Егер азаматтың немесе заңды тұлғаның ар-намысына, қадір-қасиетіне және іскерлік беделіне кір келтіретін мағлұматтарды таратушыны анықтау мүмкін болмаса, өзі жөнінде осындай мағлұматтар тараған адам таратылған мағлұматтарды шындыққа сай келмейді деп тану туралы сотқа жолдануға құқылы».<sup>8</sup> Орысша нұсқасы: «Если установить лицо, распространившее сведения, порочащие честь, достоинство или деловую репутацию гражданина или юридического лица, невозможно, лицо, в отношении которого такие сведения распространены, вправе обратиться в суд с заявлением о признании распространенных сведений не соответствующими действительности». Мұнда «жолдануға» емес, «жүгінуге» деп жазылуға тиіс.

ҚР Азаматтық кодексінің 152-бабы 1-тармағының 2) тармақшасы:

«2) мәмілелерді жасау кезінің өзінде орындалатындарынан басқа, жүз есептік көрсеткіш жоғары сомаға;»<sup>9</sup> Орысша нұсқасы: 2) на сумму свыше ста расчетных показателей, за исключением сделок, исполняемых при самом их совершении». Мұнда «жүз есептік көрсеткіштен жоғары» деп жазылуға тиіс («көрсеткіш» деген сөзге шығыс септігінің жалғауы жалғанады).

«Өңдеуді жүзеге асырған адамның ықылассыз әрекеттерінің нәтижесінде материалынан айрылған меншік иесі жаңа затты өз меншігіне беруді және өзіне келтірілген залалдардың орнын толтыруды талап етуге құқылы».<sup>10</sup> Орысша нұсқасы: «Собственник материалов, утративший их в результате недобросовестных действий лица, осуществившего переработку, вправе требовать передачи новой вещи в его собственность и возмещения причиненных ему убытков». Мұнда «ықылассыз» деген сөз «недобросовестных» деген сөздің мағынасын ашып тұрған жоқ, бұл жерде мысалы, «ынтасыз», «ниетсіз», «пейілсіз», «құлықсыз» т.с.с. сөздермен ауыстыруды ойластыруға болады.

<sup>4</sup> ҚР Азаматтық кодексінің 26-бабының 3-тармағы

<sup>5</sup> ҚР Азаматтық кодексінің 34-бабының 1-тармағы

<sup>6</sup> ҚР Азаматтық кодексінің 100-бабы 3-тармағының екінші абзацы

<sup>7</sup> ҚР Азаматтық кодексінің 128-бабының 1-тармағы

<sup>8</sup> ҚР Азаматтық кодексінің 143-бабының 7-тармағы

<sup>9</sup> ҚР Азаматтық кодексінің 152-бабы 1-тармағының 2) тармақшасы

<sup>10</sup> ҚР Азаматтық кодексінің 237-бабының 3-тармағы



«Меншік иесі өзгенің заңсыз иеленген өз мүлкін талап етуге құқылы». <sup>11</sup> Орысша нұсқасы: «Собственник вправе истребовать свое имущество из чужого незаконного владения». Мұнда сөйлем дұрыс аударылмаған, дұрыс құрылмаған. Қазақша түсінікті етіп құрсак, былайша болар еді: «Меншік иесі өз мүлкін бөтен заңсыз иеліктен талап етуге құқылы».

«Егер міндеттемеге бірнеше несие беруші немесе бірнеше борышқор қатысса (адамдар көп болған міндеттеме), несие берушілердің әрқайсысы міндеттемені орындауды талап етуге құқылы, ал борышқорлардың әрқайсысы заңдардан немесе міндеттеме шарттарынан өзгеше туындамайтындықтан, басқалармен тең үлесті орындауға міндетті (үлесті міндеттеме)». <sup>12</sup> Орысша нұсқасы: «Если в обязательстве участвуют несколько кредиторов или несколько должников (обязательство со множественностью лиц), то каждый из кредиторов имеет право требовать исполнения, а каждый из должников обязан исполнить обязательство в равной доле с другими, поскольку из законодательства или условий обязательства не вытекает иное (долевое обязательство)». Мұнда «міндеттемені орындауды талап етуге» деген сөздердің орнына «міндеттеменің орындалуын талап етуге» деп жазылуға тиіс.

«Несие берушілердің әрқайсысы міндеттемені толық атқаруды талап етуге құқылы, ал борышқорлардың әрқайсысы орындауға міндетті болуына сәйкес

көп жақтар қатысатын міндеттеме ортақтасқан міндеттеме деп танылады». <sup>13</sup> Орысша нұсқасы: 1. Обязательство со множественностью лиц, в силу которого каждый кредитор вправе требовать, а каждый должник обязан исполнять обязательство полностью, признается солидарным обязательством». Мұнда «міндеттемені толық атқаруды талап етуге құқылы» деген сөздердің орнына «міндеттеменің толық атқарылуын талап етуге құқылы» деп алған дұрыс. Мұнда іс-әрекет басқа біреу арқылы істелетіндіктен, «атқар» етістігіне «ыл» деген ырықсыз етіс жұрнағы жалғанады. Сонымен бірге, «несие берушілер» деген сөздер «кредиторлар» деп алынуға тиіс, себебі бұл сөз аударылмайды.

Қорыта айтқанда, Кодекс аудармасының біршама тұстарын қайта қарауға, стильдік жағынан әрлендіре түсуге себептер баршылық.

Тәуелсіз Қазақстанның әлемдегі өзіндік бірегей орнының нығаюы аударма ісіне де тәуелді. Елдер мен халықтар арасындағы саяси-экономикалық, рухани, мәдени байланыстар ауқымының ұлғаюы аударма ісінің білікті мамандарын ғана даярлауды қажет етіп қоймай, сонымен қатар, аударма теориясына қатысты мәселені де күн тәртібіне қойып отыр.

Ендеше, аударманы зерделеу – оны өз еншісіне айналдырған тілтанудың, әдебиеттанудың ғана жеке ісі емес, Қазақстандағы іскер тілге айналдыруға талпынған баршаның да ортақ ісі болмақ.

<sup>11</sup> ҚР Азаматтық кодексінің 260-бабы

<sup>12</sup> ҚР Азаматтық кодексінің 286-бабы

<sup>13</sup> ҚР Азаматтық кодексінің 287-бабының 1-тармағы